

6D030100 – «Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Асетова Гулнур Бакытовнаның «Қазақстан Республикасында кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың азаматтық-құқықтық тетігі: теориялық және тәжірибелік мәселелері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің жазбаша пікірі.

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);</p> <p>2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);</p> <p>3) <u>диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.</u></p>	<p>«Қазақстан Республикасында кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың азаматтық-құқықтық тетігі: теориялық және тәжірибелік мәселелері» атты диссертациялық зерттеу тақырыбы ғылымды дамыту бағыттарына толық сәйкес келеді және Қазақстанның мемлекеттік бағдарламаларымен тығыз байланысты:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Қазақстан Республикасының 2029 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспары; - Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан – 2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы; - 2021 жылғы 15 қазанда бекітілген Қазақстан Республикасының құқықтық саясатының 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы. <p>Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер) келеді. Сонымен қатар, тақырыптың өзектілігі жеке кәсіпкерлік туралы құқықтық базаны жетілдіру қажеттілігімен, сондай-ақ кәсіпкерлердің құқықтарын қорғауды күшейту қажеттілігімен айқындалады. Бұл мәселелер Қазақстан Республикасының</p>

2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	<p>Кәсіпкерлік кодексінде де көрініс тапқан.</p> <p>Диссертациялық зерттеу азаматтық-құқықтық ғылым мен кәсіпкерлік құқық саласының дамуына елеулі үлес қосады, себебі онда Қазақстан Республикасындағы кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың азаматтық-құқықтық тетігінің теориялық және практикалық мәселелері жүйелі әрі кешенді түрде қарастырылған.</p> <p>Автор зерттеу барысында кәсіпкерлік қызметтің заманауи даму үрдістерін, сондай-ақ осы саладағы жеке құқықтық және жария-құқықтық реттеу тетіктерінің өзара ықпал ету ерекшеліктерін ескерген. Бұл зерттелетін мәселелерді қазіргі ғылыми талаптарға сай әрі өзекті теориялық деңгейде ашуға мүмкіндік береді.</p> <p>Зерттеудің ғылыми құндылығы мен маңыздылығы:</p> <ul style="list-style-type: none"> – кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың азаматтық-құқықтық тетігінің құқықтық табиғаты мен мазмұнын ашуда, оның құрылымдық элементтері мен қызмет ету қағидаларын айқындауда, сондай-ақ кәсіпкерлік субъектілерінің бұзылған құқықтарын қорғау тәсілдерін жүзеге асыру ерекшеліктерін зерделеуде; – кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау саласындағы құқық қолдану тәжірибесінің теориялық және тәжірибелік мәселелеріне кешенді талдау жүргізуде, оның ішінде соттық және соттан тыс қорғау нысандарын, жеке және жария мүдделер арасындағы тепе-теңдікті қамтамасыз ету мәселелерін, сондай-ақ қолданыстағы құқықтық қорғау құралдарының тиімділігін бағалауда; – Қазақстан Республикасының азаматтық, кәсіпкерлік және азаматтық процестік заңнамасын жетілдіруге, кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтарын қорғау саласындағы құқық қолдану тәжірибесін дамытуға бағытталған ғылыми негізделген қорытындылар мен практикалық ұсынымдарды
----	------------------------	---	--

			<p>әзірлеуде көрініс табады.</p> <p>Диссертацияда кәсіпкердің құқықтық мәртебесіне, кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау ұғымына қатысты жаңа тұжырымдар берілген. Сонымен қатар соттылық мәселелері, сот арқылы және соттан тыс қорғау тетіктері, бизнес-омбудсмен институтының қызметі, сондай-ақ кәсіпкерлік даулар бойынша сот тәжірибесін біріздендіру мәселелері ғылыми тұрғыдан талданып, жүйеленген.</p>
3.	Өзі жазу принципі	<p>Өзі жазу деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған. 	<p>Диссертациялық зерттеудің дербестік деңгейі жоғары. Бұл, ең алдымен, Қазақстан Республикасындағы кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың азаматтық-құқықтық тетігінің негізгі теориялық және тәжірибелік мәселелерін өз бетінше айқындауынан көрінеді. Автор зерттеудің мақсаты мен міндеттерін дербес белгілеп, жұмыста қолданылған әдіснамалық тәсілдер мен ғылыми-зерттеу құралдарын таңдауды ғылыми тұрғыдан негіздеген.</p> <p>Автор отандық және шетелдік ғылыми еңбектерге, нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ құқық қолдану тәжірибесінің материалдарына кешенді зерттеу жүргізген. Соның негізінде дербес ғылыми қорытындылар тұжырымдалып, қолданыстағы заңнаманы және оны қолдану тәжірибесін жетілдіруге бағытталған ұсыныстар әзірленген.</p> <p>Зерттеу нәтижелері диссертанттың дербес ғылыми ойлау дағдыларының қалыптасқанын, зерттеу материалдарын жүйелі түрде талдау және қорыту қабілетін, өз ғылыми ұстанымын дәлелді түрде негіздей алу деңгейін көрсетеді. Сонымен қатар, жұмыс кәсіпкерлік қызмет субъектілерінің құқықтарын қорғау саласындағы азаматтық-құқықтық доктринаның дамуына елеулі инновациялық үлес қосатынын айғақтайды.</p>
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің	Диссертациялық зерттеудің өзектілігі негізделген.

	<p>негіздемесі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) негізделген; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген. 	<p>Диссертациялық зерттеудің өзектілігін негіздеу ғылыми жұмыстың ішкі бірлігі қағидасына толық сәйкес келеді. Зерттеуде көтерілген мәселелер кәсіпкерлердің құқықтарын азаматтық-құқықтық қорғау теориясы мен тәжірибесінің қазіргі жай-күйін талдаудан логикалық түрде туындайды, қойылған мақсаттар мен міндеттермен өзара үйлесімді байланыста қарастырылған және диссертацияның құрылымы мен мазмұнынан көрініс тапқан. Бұл авторлық ұстанымның тұтастығын және ғылыми ойдың жүйелі түрде жүзеге асырылғанын дәлелдейді.</p> <p>Таңдалған тақырыптың өзектілігі зерттеу нәтижелерімен де расталады. Автор диссертация барысында тиісті ғылыми тұжырымдарды дәйекті түрде дамытып, оларды ғылыми негізде дәлелдей алған.</p> <p>Кәсіпкерлік қызмет субъектілерінің құқықтарын қорғауға байланысты қатынастарды құқықтық реттеудің қазіргі жағдайына берілген бағалау ғылыми тұрғыдан негізделген және жеткілікті деңгейде талданған. Атап айтқанда, кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың азаматтық-құқықтық тетіктерін жетілдіру, бұзылған құқықтарды қорғау тәсілдерінің тиімділігін арттыру, қолданыстағы заңнамадағы олқылықтар мен қайшылықтарды жою, сондай-ақ осы саладағы құқық қолдану тәжірибесінің бірізділігін қамтамасыз ету қажеттілігі туралы қорытындылар жасалған.</p> <p>Автордың кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау тетіктерінің өзара байланысын, сондай-ақ қазіргі экономикалық өзгерістер жағдайында мемлекет пен кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделері арасындағы тепе-теңдікті қамтамасыз ету мәселелерін кешенді түрде зерттеуі ерекше назар аударуға лайық.</p>
	4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын	Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды Диссертациялық жұмыстың мазмұны зерттеу тақырыбына

	<p>айқындайды:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>айқындайды</u>; 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды. 	<p>толық сәйкес келеді және материалдың логикалық жүйелілігімен, ғылыми тұрғыдан бірізді баяндалуымен ерекшеленеді. Бұл диссертацияда көтерілген ғылыми мәселелерді жан-жақты әрі терең ашуға мүмкіндік берген. Диссертацияда кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың азаматтық-құқықтық тетігінің негізгі теориялық және тәжірибелік мәселелері кешенді түрде қарастырылған. Атап айтқанда, кәсіпкердің құқықтық мәртебесі, кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың сот арқылы және соттан тыс нысандары, сондай-ақ қорғаудың институционалдық тетіктері ғылыми тұрғыдан талданған.</p>
	<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>сәйкес келеді</u>; 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді. 	<p>Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді. Зерттеудің мақсаты Қазақстан Республикасында кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың азаматтық-құқықтық тетігінің теориялық негіздерін кешенді түрде талдау, оның құрылымы мен мазмұнын анықтау, құқық қолдану тәжірибесін зерттеу, сонымен қатар, шетелдік тәжірибені салыстырмалы-құқықтық тұрғыдан талдау негізінде аталған тетікті жетілдіруге қатысты ғылыми негізделген ұсыныстар әзірлеу болып табылады.</p> <p>Қойылған міндеттер зерттеудің мақсатына толық сәйкес келеді және диссертациялық жұмыстың құрылымында жүйелі әрі бірізді түрде көрініс тапқан.</p> <p>Жоғарыда көрсетілген мақсатқа қол жеткізу үшін автор тарапынан келесі міндеттер қойылып, шешімін тапқан:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша кәсіпкердің құқықтық мәртебесінің азаматтық-құқықтық мазмұнын, оның элементтері мен ерекшеліктерін анықтау арқылы оның анықтамасын тұжырымдау; - кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың азаматтық-құқықтық тетігінің элементтерін (қорғау объектісі, субъектілері, нысандары мен тәсілдері) жүйелеу және өзара байланысын

зерттеу, дара кәсіпкерлікпен айналысуға тікелей рұқсат беретін норманы заңда бекіту туралы ұсынысты негіздеу;

- кешенді теориялық және нормативтік-құқықтық талдау нәтижесінде материалдық және процессуалдық құқықтық құралдардың өзара байланысты жүйесі ретінде кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау ұғымына анықтама беру;
- кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау саласындағы шетелдік тәжірибені салыстырмалы-құқықтық тұрғыдан зерделеу және оны ұлттық құқықтық жүйеге бейімдеу мүмкіндіктерін айқындау,
- соттан тыс институционалдық тетіктердің (Ұлттық кәсіпкерлер палатасы, Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл) кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау жүйесіндегі рөлін және олардың азаматтық-құқықтық қорғау тетігімен өзара байланысын талдау, шағын кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғайтын тәуелсіз бизнес-омбудсмен лауазымын құру қажеттігін негіздеу;
- кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың соттан тыс нысандары мен тәсілдерін, оларды қолдану тәжірибесін зерттеу, кәсіпкерлік дауларды реттейтін балама тәсілдерді құқықтық реттеуді жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу;
- Қазақстан Республикасында кәсіпкерлердің құқықтарын сот тәртібімен қорғау тәжірибесін талдау, негізгі мәселелерін анықтау, Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексіндегі мамандандырылған ауданаралық экономикалық соттардың соттылығын анықтауда даудың экономикалық (кәсіпкерлік) мазмұнын ескеруге мүмкіндік беретін норманы әзірлеу;
- кәсіпкерлердің құқықтарын сот тәртібімен қорғау тетігін жетілдіру мақсатында Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын

		<p>қорғау жөніндегі уәкілдің соттағы өкіл ретінде азаматтық іс жүргізуге қатысу тәртібін біріздендіріп, құқықтық анықтылықты қамтамасыз ететін норманы әзірлеу;</p> <p>- кәсіпкерлік қызметтен туындайтын дауларды соттық нысан бойынша шешуде біркелкі сот тәжірибесін қалыптастыру мүмкіндіктерін ұсыну.</p>
	<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:</p> <p>1) <u>толық байланысқан;</u></p> <p>2) ішінара байланысқан;</p> <p>3) байланыс жоқ.</p>	<p>Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері толық логикалық байланысқан. Диссертациялық зерттеудің құрылымы логикалық жүйелілігімен, бірізділігімен және ішкі үйлесімділігімен ерекшеленеді. Бұл диссертацияның құрылымынан да, ғылыми мазмұнынан да айқын байқалады. Зерттеудің әрбір тарауы жұмыстың жалпы ғылыми тұжырымдамасын ашуға бағытталып, алдыңғы бөлімдерде қарастырылған теориялық қағидаларды толықтырып, одан әрі дамытады.</p> <p>Диссертацияның бастапқы тарауларында кәсіпкердің құқықтық мәртебесінің теориялық негіздері, кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың азаматтық-құқықтық тетігінің ұғымы, мазмұны мен құрылымы, сондай-ақ шетелдік құқықтық жүйелердегі кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау тәжірибесі талданған. Теориялық тұрғыдан алынған нәтижелер кейінгі бөлімдерде кәсіпкерлердің құқықтарын сот арқылы және соттан тыс қорғау мәселелерін, институционалдық тетіктердің қызметін және құқық қолдану тәжірибесін зерттеу барысында нақты тәжірибелік мазмұнмен толықтырылған.</p> <p>Жалпы алғанда, диссертация құрылымдық тұтастығымен, ғылыми пайымдаудың дәйектілігімен және логикалық аяқталғандығымен ерекшеленеді. Бұл автордың ғылыми ұстанымының негізділігін, зерттеудің кешенді сипатын және жүргізілген ғылыми талдаудың жүйелі деңгейін көрсетеді.</p>
	<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер</p>	<p>Зерттеу жұмысы ғылыми-талдамалық бағытының</p>

		<p>(кағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>сыни талдау бар;</u> 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ. 	<p>айқындығымен ерекшеленеді, ал оның мазмұны таңдалған тақырыптың терең әрі жан-жақты зерттелгенін көрсетеді. Диссертацияда кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау саласындағы азаматтық-құқықтық реттеу мен құқық қолдану тәжірибесінің қазіргі даму үрдістері жүйелі түрде қарастырылған. Бұл авторға қолданыстағы құқықтық тетіктерге сыни тұрғыдан баға беруге және әрекет етуші заңнамадағы проблемалық тұстарды анықтауға мүмкіндік берген.</p> <p>Диссертацияда ұсынылған ғылыми нәтижелер, авторлық тұжырымдар мен тәжірибелік ұсынымдар қазіргі доктриналық көзқарастармен және ғылыми ұстанымдармен салыстыра зерттелген. Бұл олардың ғылыми жаңашылдығын, теориялық маңыздылығын және тәжірибелік қолдану мүмкіндігін айқындайды.</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>толығымен жаңа;</u> 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем). 	<p>Ғылыми нәтижелер мен ережелер толығымен жаңа. Диссертациялық зерттеу нәтижесінде алынған ғылыми тұжырымдар мен ұсынылған ережелер мазмұны жағынан ғылыми жаңалығымен, теориялық және тәжірибелік маңыздылығымен ерекшеленеді. Олар тиісті деңгейде жүйеленіп, ғылыми өңдеуден өткізіліп, диссертацияның құрылымдық бөлімдерінде өзара сабақтастықпен баяндалған. Аталған нәтижелер кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың азаматтық-құқықтық тетігінің негізгі теориялық және практикалық мәселелерін ғылыми тұрғыдан зерделеуге, сондай-ақ құқық қолдану тәжірибесінде туындайтын өзекті мәселелерді шешуге елеулі үлес қосады.</p> <p>Диссертант ұсынған ғылыми ережелер, қорытындылар, негізгі нәтижелер мен қорғауға шығарылған тұжырымдар ғылыми жаңашылдық сипатқа ие және жиынтығында азаматтық құқық, кәсіпкерлік құқық және азаматтық процестік құқық ғылымдарының дамуына маңызды ықпал</p>

			етеді. Зерттеу жұмысы автордың қалыптасқан ғылыми көзқарастарды жүйелеп қана қоймай, сонымен қатар теориялық тұрғыдан негізделген әрі тәжірибеде қолдануға болатын дербес ғылыми шешімдер ұсына алатындығын көрсетеді.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Тұжырымдалған қорытындылар толығымен жаңа. Диссертациялық жұмыс жоғары деңгейдегі ғылыми жаңашылдығымен сипатталады.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Ұсынылған техникалық, технологиялық, ұйымдастырушылық және басқарушылық шешімдер ғылыми жаңашылдығымен және негізділігімен ерекшеленеді. Бұл автордың оларды зерттеу барысында қарастырылған барлық мәселелер аясында, сондай-ақ жұмыстың қорытынды бөлімінде дәйекті түрде дәлелдеп көрсетуінен көрініс табады.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Диссертациялық зерттеуде ұсынылған қорытындылар қолданыстағы заңнаманы, арнайы ғылыми әдебиеттерді және сот тәжірибесінің материалдарын кешенді әрі жан-жақты талдау негізінде жасалған. Зерттеу барысында автор қарастырылып отырған тақырыптың проблемалық мәселелерін дәйекті түрде зерделеп, оларға терең әрі егжей-тегжейлі талдау жүргізген, соның нәтижесінде ғылыми тұрғыдан негізделген және логикалық жағынан тұжырымдалған ұсынымдар қалыптастырылған. Бұл алынған нәтижелердің жоғары деңгейдегі шынайылығын, дәлелділігін және ғылыми негізділігін көрсетеді.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет:	1-тұжырым. Диссертациялық зерттеу нәтижесінде кәсіпкердің құқықтық мәртебесі анықталды: «Кәсіпкердің құқықтық мәртебесі – кәсіпкерлік қызмет еркіндігіне

7.1 Ереже дәлелденді ме?

- 1) дәлелденді;
- 2) шамамен дәлелденді;
- 3) шамамен дәлелденбеді;
- 4) дәлелденбеді;
- 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.

7.2 Тривиалды ма?

- 1) ия;
- 2) жоқ;
- 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.

7.3 Жаңа ма?

- 1) ия;
- 2) жоқ;
- 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.

7.4 Қолдану деңгейі:

- 1) тар;
- 2) орташа;
- 3) кең;
- 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.

7.5 Мақалада дәлелденген бе?

- 1) ия;
- 2) жоқ;
- 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.

негізделетін, азаматтық айналымда кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру дерегімен нақты мазмұнға ие болатын және кәсіпкердің құқықсубъектілігін, мүліктік дербестігін, кәсіпкерлік тәуекелін, құқықтары мен міндеттерін, сондай-ақ азаматтық-құқықтық жауапкершілік режимін айқындайтын құқықтық жағдайы». Ұсынылған анықтама кәсіпкердің құқықтық мәртебесінің негізгі элементтерін (құқықсубъектілік, мүліктік дербестік, кәсіпкерлік тәуекел, құқықтар мен міндеттер, сондай-ақ азаматтық-құқықтық жауапкершілік) өзара функционалды байланыста қарастыруға мүмкіндік береді және кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың азаматтық-құқықтық тетіктерін анықтауда құқықтық анықтылықты қамтамасыз етуге бағытталған.

7.1 дәлелденді;

7.2 жоқ;

7.3 ия;

7.4 кең;

7.5 ия;

2-тұжырым. Кәсіпкерлік қызмет субъектілерінің жасына қатысты құқықтық реттеуді жүйелеуге, құқық қолдану тәжірибесіндегі әркелкілікті жоюға және азаматтардың кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырудағы құқықтық мүмкіндіктерін кеңейтуге бағытталған Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне он алты жасқа толған және заңда белгіленген тәртіппен толық әрекет қабілетті деп танылған тұлғаларға дара кәсіпкерлікпен айналысуға тікелей рұқсат беретін норманы енгізу орынды деп есептейміз. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінің 30-бабын келесі мазмұндағы 3-бөліммен толықтыру ұсынылады: «Он алты жасқа толған және Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне

сәйкес толық әрекет қабілетті деп танылған тұлғалар дара кәсіпкерлік қызметті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асыруға құқылы».

7.1 дәлелденді;

7.2 жоқ;

7.3 ия;

7.4 кең;

7.5 ия;

3-тұжырым. Жүргізілген кешенді теориялық және нормативтік-құқықтық талдау нәтижесінде кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау ұғымы келесідей тұжырымдалды: «Кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау - кәсіпкерлік қызмет субъектілеріне тиесілі азаматтық құқықтардың қол сұғылмаушылығын қамтамасыз етуге, олардың еркін және кедергісіз жүзеге асырылуына жағдай жасауға, бұзылған құқықтарды қалпына келтіруге, құқық бұзушылықтардың алдын алуға және олардың салдарын жоюға бағытталған, азаматтық заңнамаға негізделген материалдық және процессуалдық құқықтық құралдар мен тетіктердің өзара байланысты жүйесі болып табылады».

Осылайша кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың азаматтық-құқықтық тетігі материалдық және процессуалдық құқықтық құралдардың өзара байланысты жүйесі ретінде анықталды.

7.1 дәлелденді;

7.2 жоқ;

7.3 ия;

7.4 кең;

7.5 ия;

4-тұжырым. Кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды

мүдделерін қорғау саласындағы шет елдердің оң тәжірибесі кәсіпкерлердің құқықтарын қорғауда соттан тыс институционалдық тетіктердің тиімділігі жоғары екендігін көрсетеді. Шағын кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мақсатында, мамандандырылған бизнес-омбудсмен – Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы құрамында Ұлттық бизнес уәкілі институтын құру қажет деп санаймыз. Ол билік органдарының шағын бизнеске қатысты әрекеттеріне бақылау жасап, шағын бизнес субъектілерінің мемлекеттік атқарушы органдарының, құқық қорғау органдарының негізсіз, шамадан тыс немесе әділетсіз реттеуші іс-қимылдарына байланысты шағымдарын қарайтын болады. Сонымен қатар, кеңес беру, делдалдық және алдын алу сипатындағы функцияларды да жүзеге асырады.

Аталған институттың негізгі функциялары мыналар болып табылады:

мемлекеттік органдардың шағын бизнеске қатысты әрекеттеріне бақылау жасау;

шағын бизнес субъектілерінің мемлекеттік органдардың реттеуші әрекеттеріне қатысты шағымдарын қарау;

шағын бизнес субъектілеріне құқықтық және консультациялық қолдау көрсету;

шағын бизнес субъектілері мен мемлекеттік органдар арасындағы өзара іс-қимылды қамтамасыз ету;

реттеуші қысымды төмендетуге бағытталған ұсыныстар әзірлеу.

7.1 дәлелденді;

7.2 жоқ;

7.3 ия;

7.4 кең;

7.5 ия;

5-тұжырым. Құқық қолдану тәжірибесі көрсеткендей, қолданыстағы азаматтық процестік заңнамада соттылықты анықтауда формальді субъектілік өлшемге басымдық берілуі ұқсас экономикалық мазмұндағы даулардың әртүрлі соттардың қарауына жіберілуіне алып келеді, бұл өз кезінде сот тәжірибесінің әркелкілігін туындатады. Осыған байланысты, Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 27-бабының 1-бөлімін мамандандырылған ауданаралық экономикалық соттардың соттылығын анықтауда даудың экономикалық (кәсіпкерлік) мазмұнын ескеруге мүмкіндік беретін жаңа редакцияда ұсынамыз: «Мамандандырылған ауданаралық экономикалық соттар, басқа соттың соттылығына жататындығы заңда айқындалған істерді қоспағанда, тараптары заңды тұлға құрмай жеке кәсіпкерлік қызметін жүзеге асыратын жеке тұлғалар, заңды тұлғалар болып табылатын кәсіпкерлік қызметтен туындайтын мүліктік және мүліктік емес даулар, оның ішінде жеке тұлғалардың қатысуымен туындайтын даулар бойынша, сондай-ақ корпоративтік даулар бойынша азаматтық істерді қарайды және шешеді».

7.1 дәлелденді;

7.2 жоқ;

7.3 ия;

7.4 кең;

7.5 ия;

6-тұжырым. Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың институционалдық тетігін процестік тұрғыдан нақтылау мақсатында Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 58-бабының 1-бөлімін Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл аппараты өкілдерін кәсіпкерлік субъектісінің тапсырмасы бойынша сотта өкіл бола алатын тұлғалар қатарына енгізу арқылы

			<p>толықтыруды ұсынамыз.</p> <p>Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 58-бабының 1-бөлімін мынадай мазмұндағы 4-2) тармақшамен толықтыру қажет:</p> <p>«4-2) Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл;»</p> <p>Аталған құқықтық норма уәкіл институтының соттағы қатысу тәртібін біріздендіріп, құқықтық анықтылықты қамтамасыз етеді.</p> <p>7.1 дәлелденді;</p> <p>7.2 жоқ;</p> <p>7.3 ия;</p> <p>7.4 кең;</p> <p>7.5 ия;</p> <p>7-тұжырым. Кәсіпкерлік дауларды қарау барысында құқық қолданудың әркелкілігі, ұқсас істер бойынша әртүрлі құқықтық позициялардың қалыптасуы кәсіпкерлер үшін сот нәтижелерін алдын ала болжауды қиындатады. Сондықтан, кәсіпкерлік қызметтен туындайтын дауларды соттарда қарау тәжірибесіне жалпылама талдау жүргізіп, біркелкі сот тәжірибесін қалыптастыратын Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Кәсіпкерлік дауларды шешу жөніндегі істер бойынша сот тәжірибесі туралы» нормативтік қаулысын қабылдау ұсынылады.</p> <p>7.1 дәлелденді;</p> <p>7.2 жоқ;</p> <p>7.3 ия;</p> <p>7.4 кең;</p> <p>7.5 ия;</p>
8.	Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: 1) <u>ия</u> ;	Зерттеуде қолданылған әдіснама негізделген және нақты айқындалған. Диссертацияда жалпы ғылыми және арнайы құқықтық зерттеу әдістері (жүйелік талдау, салыстырмалы-

	2) жоқ.	құқықтық, формальді-заңдық, құқық қолдану практикасын талдау) кешенді түрде қолданылып, зерттеу мақсаты мен міндеттеріне сәйкес таңдалған.
	8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ.	Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған. Диссертациялық зерттеу гуманитарлық және заң ғылымдарына тән заманауи ғылыми тәсілдер мен әдіснамалық құралдарды қолдану негізінде жүргізілген. Қолданылған әдістер статистикалық мәліметтерге жүйелі талдау жасаудан, шетелдік ғылыми жарияланымдарды зерделеуден, сондай-ақ зерттеу тақырыбы бойынша өзекті ғылыми материалдарды пайдаланудан көрініс табады.
	8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ.	Диссертациялық жұмыстағы теориялық қорытындылар, әзірленген модельдер, анықталған өзара байланыстар мен заңдылықтар тәжірибелік зерттеулермен дәлелденіп, расталған. Диссертациялық зерттеудің әдіснамалық негізі дұрыс айқындалып, қойылған ғылыми міндеттерге толық сәйкес келеді. Жұмысты дайындау барысында статистикалық материалдар, сондай-ақ құқық қолдану тәжірибесінің материалдары пайдаланылған. Теориялық зерттеулер нәтижесінде тұжырымдалған ғылыми ережелер кәсіпкерлердің құқықтарын қорғауға қатысты сот тәжірибесін, уәкілетті органдар мен институционалдық құрылымдардың қызметін кешенді талдау нәтижелерімен толық дәлелденген.
	8.4 Маңызды мәлідемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.	Диссертациялық зерттеудің негізгі нәтижелері теориялық ережелерді, Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын, халықаралық-құқықтық актілердің ережелерін, статистикалық мәліметтерді, сот тәжірибесінің

			<p>материалдарын, нақты құқықтық жағдайларды, сондай-ақ заманауи ғылыми еңбектердің ауқымды көлемін қамтитын кешенді дәлелдемелік базаға негізделген.</p> <p>Аталған дереккөздерді пайдалану автор тұжырымдаған қорытындылардың ғылыми негізділігін, шынайылығын және жоғары деңгейдегі дәлелділігін қамтамасыз етеді.</p>
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті</u> /жеткіліксіз.	<p>Зерттеу барысында пайдаланылған ғылыми әдебиеттер көлемі әдеби шолуды сапалы жүргізуге жеткілікті деңгейде қамтылған. Әдеби шолу бөлімінде кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың азаматтық-құқықтық тетігіне байланысты әртүрлі ғылыми ұстанымдар мен көзқарастар талданып, зерттеу тақырыбына қатысты заманауи ғылыми жарияланымдарға жан-жақты шолу жасалған.</p> <p>Диссертацияда барлығы 220 дереккөз қолданылып, олардың мазмұнына ғылыми тұрғыдан талдау жүргізілген.</p>
9	Практикалық құндылық қағидаты	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:</p> <p>1) <u>бар</u>;</p> <p>2) <u>жоқ</u>.</p>	<p>Диссертациялық зерттеу айқын теориялық маңызға ие, өйткені ол кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау саласында қалыптасатын азаматтық-құқықтық қатынастарды құқықтық реттеудің негізгі ережелерін дамытуға және нақтылауға елеулі үлес қосады. Жұмыс мазмұнында қалыптасқан ғылыми көзқарастар жүйеленіп, оларға сыни тұрғыдан талдау жасалған, сондай-ақ азаматтық, кәсіпкерлік және азаматтық процестік құқықтың қазіргі даму үрдістері мен құқық қолдану тәжірибесінің өзекті мәселелері ескеріле отырып, жаңа ғылыми тұжырымдар негізделген.</p> <p>Автордың теориялық қорытындылары мен ұсыныстары ішкі тұтастығымен, логикалық жүйелілігімен, құрылымдық нақтылығымен және жеткілікті деңгейдегі ғылыми дәлелділігімен ерекшеленеді.</p>
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану	<p>Диссертациялық зерттеу практикалық маңыздылығының жоғарылығымен ерекшеленеді, өйткені оның нәтижелерін құқық қолдану қызметінде кеңінен пайдалануға мүмкіндік</p>

		<p>мүмкіндігі жоғары:</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) <u>жоқ</u>.</p>	<p>бар. Диссертацияда ұсынылған ғылыми қорытындылар мен тәжірибелік ұсыныстар азаматтық, кәсіпкерлік және азаматтық процестік заңнамадағы олқылықтар мен құқықтық қайшылықтарды жетілдіру барысында құқық шығармашылық және құқық қолдану тәжірибесінде қолданылуы мүмкін. Зерттеудің тәжірибелік құндылығы оның өзектілігімен және ғылыми жаңашылдығымен тығыз байланысты. Зерттеу барысында алынған нәтижелер мен тұжырымдар Қазақстан Республикасында кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау саласындағы құқықтық реттеудің қазіргі жағдайына объективті баға беруге, құқық қолдану тәжірибесінде кездесетін мәселелерді анықтауға, сондай-ақ оларды шешуге бағытталған нақты практикалық ұсыныстар қалыптастыруға мүмкіндік береді.</p>
		<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u>;</p> <p>2) <u>ішінара жаңа (25-75% жаңа)</u>;</p> <p>3) <u>жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем)</u>.</p>	<p>Диссертациялық зерттеуде тұжырымдалған ұсыныстардың барлығы толығымен жаңа. Автор кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау саласында қалыптасатын қатынастарды азаматтық-құқықтық реттеудің тұжырымдамалық негіздерін айқындайтын қолданыстағы заңнаманы жетілдірудің жаңа бағыттарын ұсынған.</p> <p>Әзірленген ұсынымдар азаматтық, кәсіпкерлік және азаматтық процестік заңнама нормаларының өзара үйлесімділігін қамтамасыз етуге бағытталған. Бұл кәсіпкерлердің құқықтарын тиімді қорғау мен кәсіпкерлік қызмет субъектілерінің құқықтық айқындылығын қамтамасыз ету арасындағы тепе-теңдікті сақтау қажеттілігімен байланысты.</p>
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <p>1) <u>жоғары</u>;</p> <p>2) <u>орташа</u>;</p> <p>3) <u>орташадан төмен</u>;</p>	<p>Диссертациялық жұмыстағы академиялық жазу сапасы жоғары, осы деңгейдегі ғылыми зерттеулерге қойылатын жоғары талаптарға толық сәйкес келеді. Диссертация мәтіні ғылыми сауаттылығымен, ойдың айқын әрі түсінікті жеткізілуімен, сондай-ақ материалдың логикалық</p>

		4) төмен.	жүйелілігімен және бірізді құрылымдалуымен ерекшеленеді. Қорғауға ұсынылған тұжырымдар мен қорытындылар нақты әрі ықшам түрде баяндалған, мазмұндық тұрғыдан айқындылығымен ерекшеленеді және артық немесе екіұшты пайымдауларды қамтымайды. Бұл олардың ғылыми дәлдігін және бірмәнді қабылдануын қамтамасыз етеді.
11.	Диссертацияға ескертулер	<p>1. Диссертация мәтінінде отандық және шетелдік ғылыми зерттеулер кеңінен пайдаланылған. Дегенмен, әдебиеттерге жасалған ғылыми шолудың жүйелілігін одан әрі күшейту мақсатында жекелеген авторлардың ғылыми ұстанымдарын салыстырмалы түрде тереңірек талдап, қандай тұжырымдардың ғылыми ортада кең қолдау тапқанын, ал қайсысының пікірталастық сипатта қалып отырғанын нақтылай түсу ұсынылады.</p> <p>2. Қорғауға ұсынылған үшінші тұжырымда кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау ұғымы кең көлемде әрі мазмұнды түрде ашылған. Дегенмен, анықтаманың құрылымын ықшамдап, оның негізгі белгілерін теориялық және практикалық тұрғыдан жіктей түсу ұсынылады. Бұл авторлық анықтаманың ғылыми нақтылығын күшейтіп, оны құқық қолдану тәжірибесінде пайдалануды жеңілдеті түсер еді.</p> <p>Жалпы алғанда, айтылған ескертулер ұсынымдық сипатқа ие, жүргізілген зерттеудің ғылыми маңыздылығын төмендетпейді және диссертациялық жұмыстың жалпы оң бағалануына әсер етпейді. Диссертация дербес орындалған, аяқталған және өзекті ғылыми зерттеу болып табылады.</p>	
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)	Диссертанттың зерттеу тақырыбы бойынша жарияланған 11 ғылыми мақаласы жоғары ғылыми деңгейімен ерекшеленеді, әдіснамалық және ғылыми тұрғыдан негізделген, өзекті сипатқа ие және зерттеліп отырған мәселенің дамуына елеулі үлес қосады.	
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)	Асетова Гулнур Бакытовнаның «Қазақстан Республикасында кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың азаматтық-құқықтық тетігі: теориялық және тәжірибелік мәселелері» тақырыбындағы диссертациялық зерттеуі аяқталған ғылыми жұмыс болып табылады, заң ғылымының дамуына елеулі	

үлес қосады және философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылатын диссертациялық жұмыстарға қойылатын талаптарға толық сәйкес келеді, ал ізденуші Асетова Гулнур Бакытовна «6D030100 – Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық.

Ресми рецензент:

заң ғылымдарының кандидаты,

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті КеАҚ

азаматтық құқық және азаматтық іс жүргізу, еңбек құқығы кафедрасының

ассистент-профессоры (Алматы қ., Қазақстан)



С.Р. Ермухаметова





РАСТАЙТЫМЫН

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Ғылыми кадрларды
және аттестаттау басқармасының басшысы

ЗАВЕРЯЮ

технологиялық управления подготовки и аттестации
научных кадров КазНУ им. әл-Фараби


"05"  2026 ж.т.